

жіберілуі керек.

Көрсетілген мерзімнен кеш түскен өтініш қабылданбайды.

4. Байқаудың өткізілу уақыты мен тәртібі

4.1. I-ші кезең – аудандық (қалалық) 2024 жылдың 1 қазаны мен 31 қазан аралығында өткізіледі. Байқаудың облыстық кезеңіне аудандық (қалалық) білім беру бөлімдерінен (ауданнан (қаладан) 1 жеңімпаз жіберіледі;

4.2. II-ші кезең - облыстық 2024 жылдың 14-15 қарашасы күні өткізіледі (өтетін орны қосымша хабарланады).

4.3. Байқаудың II кезеңі екі турда өткізіледі:

- бірінші тур «**Педагогтің шеберлік сағаты**» ағымдағы жылдың 14 қараша күні өтеді. (Қатысушы педагог пәні бойынша қалалық білім беру ұйымының бірінде сабақ береді. Сабақ кестесі, сыныбы, тақырыптары белгіленеді);

- екінші тур 15 қараша күні өтеді:

1. «**Педагог визиткасы**» (таныстырылымы 5 минуттан аспауы керек. Бағалау критерийлері: көшбасшылық қабілеті, ұстанымы, сөз сөйлеу бірегейлігі, шығармашылық қабілеті).

2. «**Педагогикалық дебют**» (Педагог әдістемелік тақырыбы бойынша жоба қорғайды. Критерийлері: жоба тақырыбының өзектілігі, мақсаты, күтілетін нәтижесі, креативтілігі, жетістіктері).

3. «**Сұрақ-жауап**» рубрикасы (Педагог номативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік нұсқаулықтар бойынша берілген сұрақтарға жауап береді).

4.4. Бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала, облыс деңгейінде комиссия құрылады.

4.5. Өңірлік комиссия аудандық (қалалық) білім бөлімінің, облыстық білім басқармасы, әдістемелік қызмет қызметкерлері, педагог-шеберлер, педагог-зерттеушілер, педагогикалық шеберліктің кәсіби байқауларының жеңімпаздары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан қалыптастырылады.

4.6. Байқау нәтижелері қатысушылардың жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

5.1. «Шағын жинақты мектептің үздік педагогі» облыстық байқаудың қорытындысы бойынша мынадай жүлделі орындар белгіленеді:

- I орын;
- II орын;
- III орын.

Номинациялары:

- Креативті педагог;
- Жаңашыл педагог.

5.2. Байқау қорытындылары мен жеңімпаздардың байқауға ұсынған материалдары Білім басқармасы әдістемелік орталығының <http://bko.edu.kz/> сайтында орналастырылады және әлеуметтік желілерде жарияланады.

Анықтама үшін телефон: 87054330974